

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Индустриалдандыру күнінің аясында Ақтау битум зауыты іске қосылды

20 декабря 2013 жылғы желтоқсан күні Индустриалдандыру күні мен Индустриалдандыру картасының инвестициялық жобаларының тұсаукесеріне арналған Мемлекет басшысының қатысуымен жалпы ұлттық телекөпір өтті. Пайдалануға енгізілген жобалардың ішінде «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы іске асырған «Ақтау пластикалық масса зауытында жол битумдарын шығару» (Ақтау битум зауыты) жобасы да бар.

Іс-шараға Маңғыстау облысының Әкімі А.Айдарбаев, Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Лэ Юйчэн, РҚ Мұнай және газ министрлігінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері, CITIC Group, ТОО БК «Caspi Bitum» және басқа да әріптес компаниялардың басшылары қатысты.

- Бүгінгі күн зауыт жұмысшылары мен Маңғыстау облысының тұрғындары үшін ғана емес, бүкіл еліміз үшін де маңызды сәт. Біздің зауыт жол битумына деген бүкіл еліміздің сұранысын қамтамасыз ете алады. Бұл «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен қытайдың CITIC Group компаниясының бірлескен жобасы болып табылады, - деді «Kazakhstan Petrochemical Industries» АҚ Басқарма Төрағасы Дәулеткерей Ерғалиев.

- Менің ойымша, Ақтау битум зауытын құру Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара тиімді, және, ең бастысы, достық өзара қарым-қатынастың айғағы болып табылады, - деп мәлімдеді «CITIC Kazakhstan» ЖШС Бас директоры Сунь Ян.

Жыл сайын зауытта 400 мың тоннаға жуық тотыққан және 120 мың тоннаға жуық түрлендірілген жол битумдары өндірілетін болады, сонымен қатар 15 мың тонна бензин фракциясы мен 230 мың тонна керосин-дизель фракциясы, 220 мың тонна вакуум газойлы өндірілетін болады.

Асфальтбетонды төсеу орнына дейін жеткізу жолында битумның сапасын жоғалтпау үшін, алғаш рет Ақтау битум зауытында жол битумын бір реттік пайдаланылатын екі түрлі – Биг Беги (1000 кг.) және пластикалық қаптар (40 кг.) көлік тарасына өлшеп салу жөніндегі инновациялық технология көзделген. Өлшеп салынған салқын битумды қолдану материалдың бастапқы физикалық-химиялық көрсеткіштерін ғана емес, үлкен көлемді битум қоймаларында ерітілген күйінде сақтауға жұмсалатын шығындарды қысқарту есебінен асфальт-бетон зауыттарында үнемдеуге мүмкіндік береді.

Полимерлі-модификацияланған битумдардың жылуға, аязға қарсы төзімділігі мен тозуға қарсы төзімділігі жөніндегі жақсартылған сипаттамасына қарай жолда қызмет ету мерзімі ұзарған, оларды жөндеуге кететін шығындар біршама қысқарады.

Анықтама ретінде: 2008 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Қаражанбасмұнай» АҚ арасында битум зауыты үшін шикізат беру жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

2009 жылғы 26 тамызда «CITIC Group» (ҚХР) және «Kazakhstan Petrochemical Industries» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымы) арасында битум зауытын салу және басқару мақсатында бірлескен кәсіпорын құру және оған қатысудың негізгі қағидастары туралы келісімге қол қойылды.

2009 жылғы 6 қазанда «Caspi Bitum» БК» ЖШС – бірлескен кәсіпорны мемлекеттік тіркелді. «Caspi Bitum» БК» ЖШС құрылтайшылары – «KPI» АҚ мен «СИТИК Қазақстан» ЖШС («CITIC Group» еншілес ұйымы) болып табылады.

«КазСтройСервис» ҰМҚК» АҚ мен «CITIC Construction» ЖШС арасында консорциум құрылды, мақсаты – битум зауытының объектілерін салу және 2010 жылғы 3 маусымда БК мен Мердігер консорциумы арасында объектілер құрылысын салуға арналған ЕРС-келісімшартқа қол қойылды.

Қосымша ақпарат үшін «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ баспасөз қызметіне + 7 (7172) 97 57 18 телефоны бойынша хабарласуға болады.

«ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 100 пайыздық еншілес ұйымы. Компания активінде – Атырау МӨЗ (99,5%), Шымкент МӨЗ (49,7%), Павлодар МХЗ (100%). Қызметінің негізгі бағыттары: мұнай өңдеу активтерін басқару, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты, мұнай өнімдерін сатудың бөлшек сауда желісін дамыту.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекеттің мүддесін білдіретін, көмірсутегін барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100 пайызы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на тиесілі.